...СТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
...АРТУ МИНИСТРЛІГІ БІЛІМ
...НДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ КОМИТЕТІНІҢ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ
...АМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ
КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ПО
ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ
ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА
ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

080000, Тараз қаласы, Сүлейманов көшесі, 11
тел.: 8 (7262) 45-11-22,
эл.почта: dkso.taraz.2014@mail.ru

080000, город Тараз, улица Сулейманова, 11
тел.: 8 (7262) 45-11-22
эл.почта: dkso.taraz.2014@mail.ru

**28.12.2022 ж.** № **19-17-2-2126**

**Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы**

**Тараз қаласы мен аудандардың
білім бөлімдері**

**Техникалық және кәсіптік білім
беру ұйымдары**

**Білім басқармасына қарасты
білім беру ұйымдары**

Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» бекітілгенін хабарлайды.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру кезінде осы әдістемелік ұсынымдардың басшылыққа алынуын қамтамасыз етуді және барлық білім беру ұйымдарының назарына жеткізуді сұраймын.

Қосымша әдістемелік ұсынымдар тіркелді.

**Басшы** **Д.Ускумбаева**

Ж.Атенов
569401

**000154**

…АҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
…-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
…ІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ»
РММ

РГУ «КОМИТЕТ ПО
ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В
СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2022 ж. 27.12 № 12

**«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасы «Құқықтық актілер туралы» Заңының 56-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 396 «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 19-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша қоса беріліп отырған әдістемелік ұсынымдар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Білім беру ұйымдары мен білім беруді басқару органдарының бақылау басқармасы (Л. Мылтықбаева) осы бұйрықпен білім беру саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін таныстырсын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Төраға** **Е. Дәуенов**

0000017